

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша менгерушісі
_____ Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру үйимы (балабақша)	«Әсем» бөбекжай балабақша				
Топ/сынып	Мектепалды топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Қыран» топ Бала саны 25				
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Тоғызбаева Жақсыгүл Арапбаева Гулнұр				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	26.12 - 30.12.2022				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сарсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	<p>Таңғы сұзгі: балалардың терісін, дene қызыын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлыш жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>				

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Салауатты өмір салты ережелері», «Балаларға ынғайлы киім таңдау» тақырыптарына әңгіме жүргізу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қымылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Өсімдіктерді құнарландыру". Мақсат-міндеттер. Балаларға өсімдіктердің коректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс- әрекетпен көрсету. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс- әрекеті)	"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайын дымқыл шүберекпен сұртеміз". Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: женді тұру, шүберекті сулау және құрғатып сыйғу, ластанған кезде оны сумен шаю. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс- әрекеті)	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз" Мақсат-міндеттер. Балаларды өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс- әрекеті)	"Оқу құралдарымен шкафта тәртіпті сақтау". Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше шкафтарда тәртіпті сақтауға, шанды сұртуге үйрету. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс- әрекеті)	"Кір сұлгілерді ауыстыру". Мақсат-міндеттер. Еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұкият орындауға ұмтылу. Сұлгіні жеке ұшашыққа іліп қоюды үйрету. Еңбек етуге ниеттерін тәрбиелеу, ересектерге көмектесуге үйрету. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс- әрекеті)
	«Таныс пішіндер доминосы».	Үстел үсті ойыны "Лото".	Фотосуреттер қарастыру.	«Шаршы құрастыр».	"Заттарды пазл ішіне орналастыру"

	<p>Ойынның мақсат-міндеттері.</p> <p>Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру.</p> <p>Ойынның құрал-жабдықтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> пішіндер бейнеленген суреттер. Ойынның мазмұны. Балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуі бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар суретке сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді. <p>(тәнімдүк іс-</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруға үйрету.</p> <p>Байқампаздыққа баулу.</p> <p>Әрбір бала түрлерінің үқастықтарына қарай қандай да бір геометриялық пішінді таңдайды және соған үқсас заттар бейнеленген карточкаларды таңдайды.</p> <p>(тәнімдүк іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>"Қармақ" қимыл-қозғалыс ойыны.</p> <p>(dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлауды жүзеге асыру.</p> <p>Еркін ойын: "Тақия</p>	<p>«Жаңа жыл мейрамы».</p> <p>Мақсат-міндеттер. Фотосуретте бейнеленген жаңа жылдық мейрам туралы әңгімелдеу.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Жаңа жылдық мейрамға ойыншықтарды мүсіндеу.</p> <p>(шығармашылық іс-әрекет)</p> <p>"Кім жылдам жүгіреді?" қимыл-қозғалыс ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: шектеулі аумақта жылдам жүгіруге жаттықтыру.</p> <p>(dene шынықтыру)</p>	<p>Мақсат-міндеттер: балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету.</p> <p>Балалар ақ шаршының үстіне бөліктерге бөлінген түрлі түсті шаршыны құрастырып қояды.</p> <p>Бөлшектерден бүтін бір зат жасайды.</p> <p>Балалар қиналған жағдайда тәрбиеші оларға көмектеседі.</p> <p>Шаршының қанша бөліктен тұратынын санайды,</p> <p>құрастырылған шаршының түсін айтады.</p> <p>1-нұсқа: әрбір бала өзі жеке жинайды.</p> <p>2-нұсқа: шаршыны топ болып жинайды (қайсысы жылдам?)</p> <p>3-нұсқа: жеке немесе</p>	<p>үстел үсті ойыны.</p> <p>(тәнімдүк іс-әрекет)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың тәнімдүк қабілеттерін, зейіндерін дамыту.</p> <p>"Аю мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны. (dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлауды, сигнал бойынша әрекет етуге үйрету.</p> <p>Еркін ойын:</p> <p>"Тыйым салынған қозғалыстар".</p> <p>Мақсат-міндеттер: есте сактау қабілетін, зейінін дамыту.</p> <p>Ойын барысы.</p> <p>Ойыншылар шенберге тұрады, ортада -педагог. Ол</p>
--	--	--	---	---	--

	<p>әрекет, зерттеу іс-әрекеті) "Жел мен бұлт" қымыл-қозғалыс ойны. (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлау жаттығулары</p> <p>Еркін ойын: "Мысық пен тышқан". (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды, ойын шартын бұзбай, шапшандықпен ойнауға баулу; жүгірудің түр-түріне машиқтандыру.</p> <p>Ойын барысы. Ойнаушылар дөңгелене тұрады.</p> <p>Мысық пен тышқанды тағайындалап алады.</p> <p>Балалардың қалғаны</p>	<p>тастамақ" ұлттық ойыны. (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер: бұл ойын балаларды жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтыққа, дер кезінде тығырықтан шыға білуге үйретеді.</p> <p>Барысы. Балалар дөңгеленіп, шеңбер құрап отырады.</p> <p>Балалардың арасынан бір бала таңдалады да қалғандары көздерін жұмып отырулары тиіс. Таңдалған бала дөңгеленіп отырған балалар сыртымен ақырын жүріп, бір баланың артына тақияны білдірмей тастап кетеді.</p> <p>Тәрбиеші белгіснен кейін балалар</p>	<p>топпен, кім жылдам орындаса, күрделірек түрін беру.</p> <p>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>"Өз орнынды тап" қымыл-қозғалыс ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: есту және көру зейінін дамыту.</p> <p>(дene шынықтыру)</p>	<p>олардың қайсысына тыйым салынғанын көрсетіп, әртүрлі қымылдар жасайды.</p> <p>Балалар тыйым салынғаннан басқа барлық қымылдарды қайталайды.</p> <p>Ойын ережелері. Кім тыйым салынған қымылды қайталаса, ол ойыннан шығарылады. Тыйым салынған қозғалысты 4 - 5 қайталаудан кейін өзгерту керек.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p>
--	---	--	--	---

	<p>бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады.</p> <p>Мысықай аппақ қарасақ, Құйрығы сұр, тамаша-ақ, Жебедей-ақ ұшады, Көзін жаймен қысады.</p> <p>Тырнақтарын ұндеңей, Ашқан кезде инедей, Тышқандардың тықырын, Мысықай естісе акырын, Аңдып аулап алады, Мысықай біздің жарады.</p> <p>«Аңдып, аулап алады» деген сөздерден кейін балалар тоқтайды, шеңбердің уәделескен жерінде</p>	<p>көздерін ашады. Жан жағына жылдам қарап, тақияны өзінде екенін білсе, сезсе жылдам орнынан тұруы керек. Егер орнынан дер кезінде тұра алмаса онда өз өнерін көрсетеді: тақпақ, өлең, би және т.б.</p> <p>Және де орнынан тез тұрып үлгірген балаға ұлттық ою өрнек бейнесі беріледі. Көп ою жинаған бала женімпаз.</p> <p>Ойын ережесі: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды. Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді.</p>		
--	--	--	--	--

	<p>екі бала қолын түсіріп, есіктен өтетін жер қалдырады, Тышқан мысықтан қашып, есікке қарай жүгіреді де, шеңбер жасап тұргандардың қолының астынан өтуі мүмкін. Мысық тышқанды ұстап алатын кезде, бұл рөлге басқа балалар тағайындалады, сөйтіп ойын осылайша қайталана береді.</p>			
Таңертенгі жаттығу	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен)</p> <p>1. Бастапқы қалып: дene тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - бастарына қояды; 3 - таяқшаны жоғары көтереді; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып: дene тік, аяқ алшақ, таяқша төменде. 1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - қолын түзу ұстап, оң жаққа иіледі; 3 - таяқшаны жоғары көтеріп, тіктеледі; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып: дene тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - 2 - отырып, таяқшаларын жоғары көтереді; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып: дene тік, таяқшаны артқа ұстайды.</p>			

	<p>1 - 2 - таяқшаны жоғары көтеру; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталаңады).</p> <p>5. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, таяқшалар бас жағында.</p> <p>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - иіліп, таяқты оң аяғының басына тигізеді; 3 - тіктеліп, таяқты жоғары көтеру; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталаңады).</p> <p>6. Бастапқы қалып: дene тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - таяқты жоғары ұстап, аяқты алшақ ұстап, секіру; 2 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталаңады).</p> <p>7. Бастапқы қалып: дene тік, аяқ бірге, қолды бүгіп, таяқшаны көкірек тұсында ұстau.</p> <p>1 - таяқты жоғары ұстап, аяғын оң жаққа аяқтың ұшымен қою;</p> <p>2 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталаңады).</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дene шынықтыру)</p>
Таңғы ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер: ас ішу құралдарына дұрыс қолдануға, дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу. Тамақтану кезінде асықпай шэйнау, ұстел басында өздерін әдепті ұстайды, нан қиқымын тұсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айтуды қайталау.</p> <p>Көркем сөз</p> <p>Нанда өмірдің іісі мен дәмі бар Нанда адамның еңбегі мен ары бар. Нан өмірдің ана сүті арқауы Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту.</p> <p>(шығармашылық</p> <p>Зейінді дамытуға арналған жаттығу.</p> <p>"Зейінділік пен байқампаздық". Жүргізуши сайлаңыздар. Қалған ойыншылар сол</p> <p>Шаттық шенбері</p> <p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне</p> <p>"Қажетті киімді ал".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды қыскы және жазғы киімдерді ажыратуға үйрету. Зейін, есте</p> <p>"Шырша туралы әңгіме құрастыру".</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың әңгіме жанры туралы білімдерін тиянақтау; әңгіме және тақпак,</p>

	<p>iс-әрекет) Жаңа жылдық әндер шырқау. (музыка)</p> <p>жүргізуші есте сақтауы тиіс дene қалыбын ұстайды. Артынша жүргізуші бөлмеден шығады, ал ойыншылар (өзара келісіп) киімдерінде, дene қалыптарында бірқатар өзгеріс жасайды. Кірген жүргізуші барлығын бұрынғы қүйіне келтіруі тиіс. Егер жүргізуші барлық өзгерістерді тапса, ол ең байқампаз атанады.</p> <p>(танымдық iс-әрекеттер)</p>	<p>мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, үжымда достыққа тәрбиелеу.</p> <p>(қарым-қатынас iс-әрекеті)</p>	<p>сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу.</p> <p>Ойын ережелері: қуыршаққа дұрыс киім таңдаңыз.</p> <p>Ойын әрекеті: қуыршаққа кажетті киімді табу.</p> <p>Дидактикалық материал.</p> <p>Балалардың санына сәйкес қуыршақтар мен қуыршақ киімдерінің пішіндері. Қысқы көріністің суреттері.</p> <p>Ойын барысы.</p> <p>Балалардың алдындағы үстелде қуыршақтар, олардың қысқы және жазғы киімдері бейнеленген.</p> <p>Мұғалім жазғы және қысқы көріністерді білдіретін суреттерді көрсетеді. Балалар</p>	<p>жұмбақ туралы ұғымдарды жетілдіру; шыршаның өсу ерекшелігі мен адамның өмірінде алатын ойны туралы ұғымдар жиынтығын қалыптастыру.</p> <p>(қарым-қатынас iс-әрекеті, танымдық iс-әрекеті, зерттеу iс-әрекеті, еңбек iс-әрекеті)</p>
--	--	--	--	---

				қуыршақтарға жыл мезгіліне сәйкес киімді кигізу керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	
Білім беру үйімдің кестесі бойынша үйімдастырылған іс-әрекет	<p>Саят ашу негіздері "[Y] дыбысы және Y әрпі"</p> <p>Мақсат-міндеттер: [Y] дыбысын және Y әрпімен таныстыру. [Y] дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасау.</p> <p>Қазақ тілі Қыс қызықтары. "Біз қармен қалай ойнадық" такырыбын сурет бойынша әнгімелейу.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың үғымындағы қысқы</p>	<p>Саят ашу негіздері "[и] дыбысы және Ии әрпі".</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды И дыбысымен таныстыру, дыбыстық талдау жасауға үйрету.</p> <p>Математика негіздері Жыл мезгілдері</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды жылдың төрт мезгілі мен он екі ай тізбегімен таныстыру; жыл мезгіліндерінің ерекшеліктері жайлар білімдерін пысықтау.</p> <p>Математика негіздері Жыл мезгілдері</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды жылдың төрт мезгілі мен он екі ай тізбегімен таныстыру; жыл мезгіліндерінің ұстарту, сөздердегі</p>	<p>Математика</p> <p>негіздері</p> <p>"Жыл мезгілдері"</p> <p>пысықтау</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды жылдың төрт мезгілі мен он екі ай тізбегімен таныстыру; жыл мезгіліндерінің қалыптастыру; судың көлемін өлшектен</p> <p>Математика</p> <p>негіздері</p> <p>"Жыл мезгілдері"</p> <p>Судың көлемін өлшеу амалдары</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың шартты өлшем туралы үғымдарын қалыптастыру; судың көлемін өлшектен</p> <p>Математика</p> <p>негіздері</p> <p>"Жыл мезгілдері"</p> <p>Судың көлемін өлшеу амалдары</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды И дыбысымен таныстыруды қайталау, дыбыстық талдау жасауға үйретуді қайталау.</p> <p>Мұсіндеу</p> <p>"Аяз атадан келетін сыйлықтың қорапшасы"</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі-түсті ермексаздардан шаршы, конус және</p>	<p>Саят ашу негіздері "[и] дыбысы және Ии әрпін қайталау".</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды И дыбысымен таныстыруды қайталау, дыбыстық талдау жасауға үйретуді қайталау.</p> <p>Мұсіндеу "Аяз атадан келетін сыйлықтың қорапшасы"</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі-түсті ермексаздардан шаршы, конус және</p>	

	<p>спортық ойын түрлері (коңыки, хоккей, шаңғы) туралы түсініктерін кеңейту; оның ішінде іс-қимыл тәсілдері және қысқы ойын-сауықтың қандай да бір түрлері туралы түсініктерін дамыту; қыс мезгілінде көшедегі тәртіп ережелерімен таныстыру; мнемокарталар, іс-әрекеттер, пантомималар бар суреттерге сүйене отырып, балалардың қыс қызығы тақырыбы бойынша қазақ тілінде түсінік беру дағдыларын дамыту; балаларды достыққа, зейінділікке тәрбиелеу.</p>	<p>ерекшеліктері жайлы білімдерін пысықтау.</p> <p>Музыка</p> <p>"Қыс әлемі"</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p> <ul style="list-style-type: none"> балаларды аппақ қыс әлемі туралы әннің сипатын түсініп, түсіндіруге ынталандыру; тәмен және жоғары дыбыстарды ажыратып, атауга дағдыландыру. <p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>"Шырша"</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p> <ul style="list-style-type: none"> шырша туралы білімдерін пысықтау. 	<p>дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері).</p> <p>Музыка</p> <p>Балаларға [- x] дыбысының артикуляциясын нақтылау, X һәрпінің таңбасын үйрету; [-x] дыбысын буында, сөзде, сөйлем ішінде дұрыс, анық айтуды үйрету;</p> <p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>"Шырша"</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p> <ul style="list-style-type: none"> шырша туралы білімдерін пысықтау. <p>Музыка</p> <p>"Зырлайды шанамыз"</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p> <ul style="list-style-type: none"> балаларды әннің сөздік мазмұнын эмоционалды жаттығуларды дұрыс, толық орындаудын, көрү және есту қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын, дауысын, тыныс алуын, <p>Коршаган ортамен таныстыру</p> <p>Ғажайып сыйлықтар</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p> <ul style="list-style-type: none"> кітап - сарқылмас рухани қазына дей келе, білімнің кітап арқылы берілетін 	<p>жетілдіру.</p> <p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>"Шырша" пысықтау</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p> <ul style="list-style-type: none"> шырша туралы білімдерін пысықтау. <p>Музыка</p> <p>"Зырлайды шанамыз"</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p> <ul style="list-style-type: none"> балаларды әннің сөздік мазмұнын эмоционалды жаттығуларды дұрыс, толық орындаудын, көрү және есту қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын, дауысын, тыныс алуын, <p>Коршаган ортамен таныстыру</p> <p>Ғажайып сыйлықтар</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p> <ul style="list-style-type: none"> кітап - сарқылмас рухани қазына дей келе, білімнің кітап арқылы берілетін 	<p>цилиндр пішінді қорапшаларды мұсіндеуге үйрету.</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>"Екі тобық арасына доп қысып алып жүру"</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p> <ul style="list-style-type: none"> балаларды екі тобық арасына доп қысып алып жүргуге үйрету. <p>Көркем әдебиет</p> <p>"«Екі аяз» ертегісін мазмұндау"</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p> <ul style="list-style-type: none"> халық ертегілеріне деген қызығушылығын арттыру. Ертегіні түсініп тыңдай білуді пысықтау.
--	--	---	--	---	--

	<p>Дене шынықтыру Кезек-кезек допты жерге соғу Мақсат-міндеттер: балаларда сзықтан аттап секіру; сап түзеуден үш қатармен қайта тұру; онға, солға бұрылу; тұрған орнында айналу дағдыларын дамытуды жалғастыру; балаларды әр қадам сайын допты алдынан қолдан- қолға ауыстыра отырып орындық үстімен, кедір-бұдыр тақтай үстімен жүргуге үйрету.</p> <p>Қоршаған ортамен тәнистыру Ақша қарды бақылау Мақсат-міндеттер. Балаларды дербес шығармашылық</p>	<p>пысықтау, қысқы ойындар туралы тақпақтарды жаттауға ынталандыру; жаңылтпаш, жұмбак шешу арқылы тіл байлықтарын арттыру; ұқыптылыққа, өз бетінше жұмыс істеуіне, өзінің сөйлеу тілін қадағалауды тәрбиелеу.</p> <p>Дене шынықтыру Допты жерге соғу ойындары Мақсат-міндеттер: балаларды әр қадам сайын допты артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып орындық үстімен, кедір-бұдыр тақтай үстімен жүргуге үйрету.</p>	
--	---	---	--

	<p>қызметке баулу; құрдастарымен және ересектермен бірлесіп іс-әрекет жасауды үйрету; танымдық қызығушылықтарын, коршаған әлемге эстетикалық қатынасты қалыптастыруды дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p>		<p>Көркем әдебиет "«Екі аяз» ертегісін мазмұндау". Мақсат-міндеттер: халық ертегілеріне деген қызығушылығын арттыру. Ертегіні түсініп тыңдай білуге үйрету.</p>		
2- таңғы ас	Тағамның атаяун есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сойлеуді дамыту, көркем сөз)				
Серуенге дайындық	Балаларды киінудің ретімен таныстыру қажет; жылдың кез келген уақытында киім мен аяқ киім қазіргі уақытта ауа-райына сәйкес болуы керек және балалардың бастарына күн өтпеуіне немесе женіл бас киімдер кио. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Шетенді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	Шыршаларды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-	Қардың жауғанын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-	Қардың тереңдігін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-	Терезедегі қырауды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-

	<p>Мақсат-міндеттері. Қыс мезгілінде шетенді бақылауды жалғастыру, оны қатты аяздан қалай күтқаруға болатындығын айту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: қарды белгілі бір жерге күрекпен жинау. Мақсат-міндеттері. Күректермен әрекет ету қабілетін бекіту. Қимыл-қозғалыс оыйндары: "Қар ұлпалары мен жел", "Ақшақарды тап". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша шенбер бойымен жүргуге үйрету, әртүрлі бағытта қозғалу. </p>	<p>әрекеті) Мақсат-міндеттері. Шыршаның құрылымы туралы түсінік қалыптастыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ұжыммен қар тазалау. Мақсат-міндеттері. Ағаш күрекшені қолдану қабілетін бекіту. Қимыл-қозғалыс оыйндары: "Жағалаудан жағалауға". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Шашырап, жан- жаққа жүгіру, секіру техникаларын дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Тұға </p>	<p>әрекеті) Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар). Бақылау: балалардың көнілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Мақсат-міндеттері. Жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. Қимыл-қозғалыс оыйндары: "Аяз ата", "Қар айналады". (дене шынықтыру) </p>	<p>әрекеті) Жұмбақ. Өнері жоқ, қолы жоқ, Сурет салуды біледі. (терезедегі қырау). Ырым. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі. Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы, сулы булар салқын терезелер шынысына буланып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қыскы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету. Қимылды ойын: «Қасқұлак» (Волк) </p>
--	---	--	---	--

	<p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Шанамен жарыс". Мақсат-міндеттері. Аяғымен итере отырып, қар үйіндісіне белгі бойынша шанамен жылжу.</p>	<p>дейін секіру, "Қақпада". Мақсат-міндеттері. Алға жылжыта отырып, екі аяқпен секіруге, жорғалауға жаттығу.</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Өзіне тән қымыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысуышылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Нысанага тигіз". Мақсат-міндеттері. Дәлдікті дамыту, нысанага затты дәлдеп лақтыруға үйрету.</p>	<p>шапшандықты дамыттын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қымыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.</p> <p>Еңбек: гүлзарды жинастыруды үйымдастыру. Қарды тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу.</p> <p>Тапсырманы орындау, бірлесіп атқарудың кішігірім тәсілдерін қалыптастыру.</p> <p>Өз бетімен ойындар: өз күрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойын</p>	<p>(қазақ халқының ойыны). (dene шынықтыру) «Қасқұлақтан» тығылып алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сактау («қасқұлак» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» куу міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре білуін дамыту.</p> <p>Еңбек: мұз жолын жасау. Тәрбиешімен бірге жауапкершілікпен жолға су құйып мұз айдынын жасауға үйрету. Еңбек етуге тәрбиелеу.</p> <p>Өз бетімен ойындар: ойында өз</p>
--	--	--	--	---	---

				оинағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес өрекет ету.	өрекетін жолдастарының әрекетімен келістіре білуге ынталандыру.
Серуеннең оралу				Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру. Жендерін түріп, қолдарын сабындалап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту. Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машиқтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес өрекет)	
Түскі ас				Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: ас ішу құралдарына дұрыс қолдануға, дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу. Тамақтану кезінде асықпай шэйнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, наң қиқымын түсірмей жеуді, ұлкендерге алғыс айтуды қайталау. Көркем сөз Нанда өмірдің іісі мен дәмі бар Нанда адамның еңбегі мен ары бар. Нан өмірдің ана сүті арқауы Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)	
Құндізгі үйқы				Балалардың тыныш ұйықтауына жайлыш жағдай туғызу.	
Бірте-бірте тұрғызыу, сауықтыру шаралары				Велосипед жаттығуы. Қол мен аяқты жогары көтеру, аяқты кезекпен сермеу. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.	

	(дene шынықтыру)				
Бесін ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер: ас ішу құралдарына дұрыс қолдануға, дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу. Тамақтану кезінде асықпай шэйнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, наң қиқымын түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айтуды қайталау.</p> <p>Көркем сөз</p> <p>Нанда өмірдің іісі мен дәмі бар</p> <p>Нанда адамның енбегі мен ары бар.</p> <p>Нан өмірдің ана сүті арқауы</p> <p>Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)	<p>Дидактикалық ойын. "Ғажайып дорба".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың заттар туралы ұғымдарын тиянақтау;</p> <p>байланыстыра сөйлеу, ойлау, зейін, түйсік қабілеттерін дамыту.</p> <p>Құралдар: дорба, түрлі ойыншықтар мен заттар.</p> <p>Шарты.</p> <p>Балалардың алдына</p>	<p>Дамытушы ойын. "Қимылдар тізбегі".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларды белгілі қимылдар тізбегіне қарап, есте сақтап, тура сол қимылдар тізбегін дәлме-дәл қайта көрсетуде жаттықтыру; есте сақтау, зейін, ойлау, кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту;</p> <p>достықка, ұйымшылдаққа тәрбиелеу.</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Не артық?"</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың заттар мен құбылыстар классификациясы жөніндегі білімдері бекіту; аналитикалық және синтетикалық қабілеттерін, елестету, зейін қабілеттерін дамыту;</p> <p>қабілеттерін дамыту;</p> <p>Кұралдар: бірнеше заттар топтамалары немесе олардың тәрбиелеу.</p>	<p>Дамытушы ойын. "Қандай және саны қанша геометриялық пішіндерден құрылғанын айт".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларда геометриялық пішіндерді ажырату, санау, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту;</p> <p>Кұралдар: бірнеше заттар топтамалары зияткерлікке немесе олардың тәрбиелеу.</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Не артық?"</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың заттар мен құбылыстар классификациясы жөніндегі білімдерін бекіту; аналитикалық және синтетикалық қабілеттерін, елестету, зейін қабілеттерін дамыту.</p> <p>Кұралдар: бірнеше заттар топтамалары немесе олардың тәрбиелеу.</p>

	<p>шыққан ойыншы қолын дорбаға салып, затты ұстап, сипап сезу арқылы тануға тырысуы; көргеннен кейін, заттың қандай материалдан жасалғаны, адамға қажеті туралы баяндау.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын.</p> <p>"Цирк".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың түсінігінде циркте қызмет ететін өнерпаздар (сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларды</p>	<p>Педагог немесе балалардың бірі қалған балалардың алдында бірнеше қимылдар тізбегінің (кешенін) көрсетеді. Балалар мұқият қарап болғаннан кейін есте сақтап, қимылдарды қайта жаңғыртады.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын.</p> <p>"Супермаркет".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларға "Супермаркеттің" қызметі жайында түсіндіру;</p> <p>супермаркетте түрлі тауарлар сатылатыны туралы мәліметтер</p>	<p>заттық сурет-карточкалары.</p> <p>Шарты: жүргізуши бір топтамаға қатысты және оған жатпайтын заттарды атайды (көрсетеді), ойыншылар артық затты атау керек.</p> <p>Заттардың жалпы саны төртеу болады.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын.</p> <p>"Ұшақпен сапар".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларға ұшақпен сапарға шығу қандай әрекеттерден тұратынын,</p> <p>әуежайдың қандай орын екендігін түсіндіру; ұшқыш-</p>	<p>Құралдар. Түрлі геометриялық пішіндерден күрылған бейнелердің сызбалы суреттері.</p> <p>Шарты.</p> <p>Балалар түрлі геометриялық пішіндерден күрылған суреттерге кезегімен қарап, қандай және саны қанша геометриялық пішіндерден күрылғанын айту керек.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын.</p> <p>"Кітапхана".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың кітапхана жайында ұғымдарын нығайту; кітапханашы қызметі неде екенін анықтау; тәртіптілікке, ұғымталдыққа,</p>
--	---	---	---	--

	<p>жаттықтыруышы) жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; цирк өнерпаздарының жұмысын түсіндіру; еңбеккорлыққа, төзімділікке, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар.</p> <p>Циркте қызмет ететін артистерге қажет ойыншық құралдар, модельдер (доптар, ойыншық жануарлар, бас киімдер, таяқшалар, спорттық киім үлгілері, гимнастикалық ұршық, костюмдер). Шарты.</p> <p>Педагог алдымен балалармен бірлесіп цирктің (суреті) қандай орын екенін, бұнда қандай өнерпаздар жұмыс</p>	<p>беру; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар: сөрелер, қораптар, ілмектер, киім, аяқтім үлгілері, ыдыс-аяқтар, жиһаздар, азықтар, ойыншықтар; ойыншық ойыншықтар; смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, тауарларға арбалар, қаражат қағаздары; есептеу машинасының макеттері.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен</p>	<p>пилот, стюардесса, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандар туралы ұғымдар қалыптастыру; ұшақтарда жолаушылардың қандай тәртіп бойынша саяхаттай алатыны жайлы жаңа білімдерді пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар: "ұшақтың борты" - орындықтарды еki қатарға тізу; ұшқыш, стюардесса, полицей, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері); ұшқыш-</p>	<p>Балалардың түсінігіндегі көлікті жөндеу шеберханасы жайындағы ұғымдарын кеңейту; көлікті жөндеу шеберханасында еңбек ететін мамандар (механик, слесарь, программист (бағдарламашы) жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, төзімділікке, еңбеккорлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар.</p> <p>Көлік жөндеу шеберханасында қолданылатын ойыншық құрал-жабдықтар: бұрағыш, балға, тістеуік, қысқыштар; ойыншық көліктер,</p>	<p>төзімділікке тәрбиелеу. Құралдар. Кітаптарға сөрелер, түрлі кітаптар; оқырманды белгілеу кітапшасы; оқырман билеті бейнеленген карточкалар. Шарты.</p> <p>Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде кітапхана жұмысы, кітапханашы қызметінің мәні неде екендігін суреттер бойынша әнгімелейді, үлкен кітапханалар жайында бейнежазбаларды, фотосуреттерді тамашалайды.</p> <p>Балалар кітапханашы жұмысын қалай атқарып (окырманнан</p>
--	---	---	---	--	--

	<p>істейтіні туралы</p> <p>әңгімелеседі; әрбір</p> <p>артист маман қандай</p> <p>құралдарды</p> <p>пайдаланатыны,</p> <p>олардың еңбегінің</p> <p>қаншалықты қын</p> <p>екенін түсіндіреді.</p> <p>Балалар циркте</p> <p>қызмет ететін</p> <p>өнерпаздар:</p> <p>сайқымазақ, гимнаст,</p> <p>сиқыршы, жонглер,</p> <p>жануарларларды</p> <p>жаттықтырушы</p> <p>болып бөлініп,</p> <p>топтасып, белгілі</p> <p>жаттығулар жасайды.</p> <p>Педагог цирк</p> <p>қойылымы жайында</p> <p>жариялап, қалған</p> <p>балаларды</p> <p>орындықтарға</p> <p>шақырады.</p> <p>Әрбір өнерпаздың</p> <p>шығуын аса</p> <p>құрметпен жариялап,</p> <p>оған көрермендер</p>	<p>әңгімелесулер,</p> <p>супермаркет</p> <p>жайында суреттерді,</p> <p>бейнежазбалар мен</p> <p>жарнамалар көрсетіп,</p> <p>супермаркетте</p> <p>адамның кез келген</p> <p>тауарды табуға</p> <p>мүмкіндігі барын</p> <p>түсіндіреді.</p> <p>Супермаркеттің алып</p> <p>жатқан орны кең</p> <p>және тауарлар</p> <p>көптеген сөрелерде</p> <p>топтасып</p> <p>орналасатыны</p> <p>жайында да айтылуы</p> <p>тиіsti.</p> <p>Супермаркетте</p> <p>сатушы емес,</p> <p>кеңесші мен</p> <p>есепшілер (есептеу</p> <p>машинасы) көп</p> <p>болатыны,</p> <p>кеңесшілер</p> <p>тауарларды</p> <p>сөрелерге уақытында</p> <p>орналастырып, сатып</p>	<p>пилоттың алдында</p> <p>тұратын ұшақты</p> <p>жүргүзге арналған</p> <p>батырмалары бар</p> <p>панель; сусындар мен</p> <p>шырындардың бос</p> <p>ыдыстары; тағамдар</p> <p>макеттері;</p> <p>терминалда тұратын</p> <p>бақылау өткелінің</p> <p>макеті; сөмкелер мен</p> <p>қораптар, ойыншық</p> <p>чемодандар,</p> <p>ойыншық</p> <p>смартфондар;</p> <p>билеттер және жеке</p> <p>куәлікті білдіретін</p> <p>таңбалауыштар; мөр;</p> <p>қағаз бетіне салынған</p> <p>ұшу алдында, ұшу</p> <p>барысында және</p> <p>аяқталған кезде</p> <p>тәртіпті сақтау</p> <p>ережелерінің</p> <p>сызбалы суреті.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог дайындық</p> <p>жұмысында ұшақпен</p>	<p>дөңгелектер,</p> <p>майлықтар;</p> <p>шеберханада еңбек</p> <p>ететін мамандарға</p> <p>қиім үлгілері;</p> <p>ойыншық ноутбук.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог балалармен</p> <p>көлікті жөндеу</p> <p>жұмыстарына</p> <p>қатысатын мамандар</p> <p>жөнінде бұдан</p> <p>бұрынырақ</p> <p>әңгімелеседі. Балалар</p> <p>механик, слесарь,</p> <p>программист</p> <p>(багдарламашы),</p> <p>жүргізуі сияқты</p> <p>мамандардың</p> <p>міндеттерін</p> <p>анықтайды.</p> <p>Балалар көліктерді</p> <p>жөндеу</p> <p>жұмыстарына</p> <p>қатысатын</p> <p>мамандардың рөліне</p> <p>бөліне бастайды,</p> <p>өздеріне қажет киім</p>	<p>берілген кітап үшін</p> <p>карточканы алу,</p> <p>толтыру), қандай</p> <p>құралдарды</p> <p>қолданатыны,</p> <p>оқырманның міндеті</p> <p>мен құқысын қалай</p> <p>іске косуға</p> <p>болатынын біліп</p> <p>алуы тиіс.</p> <p>Балалардың</p> <p>арасынан</p> <p>кітапханашылар өз</p> <p>ниеттеріне</p> <p>байланысты</p> <p>таңдалады немесе</p> <p>санамақ</p> <p>қолданылады.</p> <p>Алғашында педагог</p> <p>ойын барысын өзі</p> <p>сөзben сүйемелден</p> <p>отырады,</p> <p>ойыншыларға</p> <p>қосымша әрекеттерін</p> <p>анықтайтын сұраптар</p> <p>қойып жүреді, өзі</p> <p>қатысады. Бұндай</p> <p>амал ойын желісінің</p>
--	---	---	---	--	---

	<p>тарапынан қолдау және қошемет көрсетуді сұрайды.</p> <p>Балаларға қойылым сонында өнерпаздар көрмермендерге иіліп күрмет көрсететіні, ал көрмермендер оларды мактап, қошемет білдіретінін айту керек.</p> <p>Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін, қосымша сұрақтар қояды.</p> <p>Сонында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: цирк қойылымының әдемі және қызықты болуы, өнерпаздардың шеберлігі мен тынымсыз еңбегінің арқасында болады.</p> <p>(қарым-қатынас іс-</p>	<p>алушыларға тауарды таңдауға көмектесетіні, есепшілер тек таңдалған тауарларды санап беріп, қанша қаражатты беру керектігін айтатыны туралы балалар білу керек.</p> <p>Балалар ойынға қатысадын кейіпкерлерді санамақ арқылы таңдайды, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, арба, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады; кенесшілер балаларға не таңдау керектігі туралы кенес айтып жатады, есепшілер есептейді.</p> <p>Педагог</p>	<p>сапарға шығу үшін, билеттерді салып алу қажеттілігі; ұшақпен үшу алдында әуежай терминалында тіркеуден өтіп, содан соң ұшақ бортына өтүге болатынын анықтайды.</p> <p>Балалар әуежай, ұшақ салоны сияқты жерлерді суреттер және бейнежазбалардан алдын-ала көріп түсінеді.</p> <p>Педагог стюардесса, пилот, бақылаушы полицей, есепші мамандарының адамдарды ұшақпен тасымалдау үшін қандай әрекеттер жасайтынын біртіндеп түсіндіреді.</p> <p>Ойын кезінде тек тиянақтау сұрақтары қойылады,</p>	<p>және құралдарды алып, орындарына барады.</p> <p>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды; диалогтарға өзі де қатысуы мүмкін.</p> <p>Сонында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: көліктерді жөндеу үшін, оларды дәрігер сияқты тексеру керек; жөндеу жұмыстарын жасаған кезде қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>одан ары жалғасуына үлес қосады.</p> <p>Сонында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: кітапханадағы негізгі ереже - тыныштық сақтау, қатты сөйлемеу; тағы бір ереже - кітаптарды тазалықта ұстау, оқып болғаннан кейін кітапханаға қайтару.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p>
--	---	--	---	--	--

	<p>әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс- әрекеті)</p> <p>диалогтарды, қатынастарды, сөйлеу тізбектерін реттеп отырады, қосымша және тиянақтау сұрақтарын қойып жатады.</p> <p>Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, сапасы сақталып, жақсы сатылады;</p> <p>супермаркет - қоғамдық орын болғандықтан, әдептілік ережелерін ұстану керек;</p> <p>супермаркетте жүрген барлық адам бір-бірінің уақытын, еңбегін бағалау керек.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-</p>	<p>балалардың арасынан тағайындалған (санамақ) мамандардың міндеттері үlestіріледі.</p> <p>Ойынға қатысушылар өз күрал-жабдықтарын алғып, орындарына барады, ойынға дайын тұрады.</p> <p>Педагог балаларға үшақпен саяхаттау ете қызықты болатынын ойын барысында жеткізіп отыруы тиіс.</p> <p>Алғашында педагог балалардың мамандар ретінде өз орындарында міндеттерін атқару барысын реттеп, қадағалап отырады.</p> <p>Қажеттілік болса, педагог бетпердесіне де көніл аударады.</p>	<p>іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс- әрекеті)</p>	
--	---	--	--	--

		<p>Әрекеті)</p> <p>Мамандар өз орындарына барған кезде, балалар жолаушылар болып, билеттерін алады, тіркеуден өтіп, содан соң ұшақ салонына шақырылады.</p> <p>Стюардессалар көпшілікке жариялайтындей бірнеше ережені ескеруі керек: қол жүгін орнына салу; смартфондарды өшіру; қауіпсіздік белбеуін тағу; салонда шуламау, көршісіне кедергі жасамау; ұсынған тағамды алу; демалу; ұшақ конғаннан кейін белбеуді шешу, қол жүгін алыш шығу.</p> <p>Стюардессалар мен ұшақтың пилотына қажетті нұсқауларды</p>	
--	--	---	--

		<p>беріп жүргені дұрыс; балалар өз рөлдерін міндеттерін біртіндеп менгеріп алады. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: ұшақпен сапарға шығу кезінде көптеген ерекше ережелерді орындау керек; жолаушылардың демалыстары үшін көптеген адамдар қызмет етеді; әуежай мен ұшақ салоны - қоғамдық орын; ұшақ - ерекше әуе көлігі, оны басқарып, жүргізу үшін жақсы окып, көп дайындалу керек. (қарым-қатынас іс- әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс- әрекеті)</p>	
--	--	---	--

<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Кітап бұрышындағы жеке жұмыс. Мақсат-міндеттер: кітапқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p>	<p>"Сәйкесін тап" ойыны. Мақсат-міндеттері. Устел ойыны арқылы суреттерден қыс мезгілі ерекшеліктерін білдіретін суреттерді тауып құрастыру; ойлау қабілеттерін дамыту. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p>	<p>Жаңылтпаштар жаттау. 1) Пеш үстінде бес мысық, Пеш ішінде бес мысық Бес күзетші ... бес пысық. 2) Үш кіші ішік піштім, Бес кіші ішік піштім Неше кіші ішік піштім? 3) Үшып кетті үш құс, Үшып келді ұшқыш. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Суретті құрастыр" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер: баланың бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыра білу қабілетін жетілдіру, тәзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу. Сурет бөліктерін тандағанда қателеспеу, кім тез өз суреттің құрастырып, дұрыс атайды сол жеңімпаз атанады. Ойын іс-әрекеті. Ойынды қалаған бала жиналғанда, бір тұтас бейне-сурет болатын, ұсақ бөліктер жинақнамаларының бірін таңдал ала алادы. Тұтас суретті құрастыру үшін, үстел басында 12 және одан да көп</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Қыс мезгілінде не болады?" Мақсат-міндеттері: қыс мезгілі кезіндегі табиғат құбылыстарын ажыраты білу. Барысы: педагог балалардың алдына әр жыл мезгілінде болатын табиғат құбылыстары бейнеленген суреттер таратады. Осы суреттердің ішінен бала, қыс мезгіліне байланысты суретті таңдал алады және де суретті бейнелеп береді. Мысалы: Далада айналаның барлығы аппақ. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-</p>
-------------------------------------	---	--	--	---	---

				бөліктерді бір тұтас суретке жинау керек. Қажетті құралдар. Бірнеше (12 және одан да көп) бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері (көлемдері 7×8 см карточкалар). (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	әрекеті)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киоін қадағалау. (мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Тұскі серуенді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, енбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машиқтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тағамның атаяун есте сақтауға, тағамды ішүү рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу кимылды ойындар, музикалық аспаптармен ойындар, музика)	Kітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Музикалық аспаптармен ойындар. (музыка)				

үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер	<p>Өнер бұрышында жана жылдық сыйлықтар тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</p> <p>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)</p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>					
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	<table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="width: 25%;">Баланың тәрбиеси жайында саулнама.</td> <td style="width: 25%;">«Салауатты өмір салты ережелері», «Балаларға ынғайлы киім таңдау» тақырыптарына әнгіме жүргізу.</td> <td style="width: 25%;">"Күнде балаңызben жеке сөйлесуге уақыт бөлініз."</td> <td style="width: 25%;">«Дәрумендердің бала өміріндегі маңызы» тақырыбында кеңес беру.</td> <td style="width: 25%;">Саулнама: "Баланызды үй жұмыстарына шақырасыз ба?".</td> </tr> </table>	Баланың тәрбиеси жайында саулнама.	«Салауатты өмір салты ережелері», «Балаларға ынғайлы киім таңдау» тақырыптарына әнгіме жүргізу.	"Күнде балаңызben жеке сөйлесуге уақыт бөлініз."	«Дәрумендердің бала өміріндегі маңызы» тақырыбында кеңес беру.	Саулнама: "Баланызды үй жұмыстарына шақырасыз ба?".
Баланың тәрбиеси жайында саулнама.	«Салауатты өмір салты ережелері», «Балаларға ынғайлы киім таңдау» тақырыптарына әнгіме жүргізу.	"Күнде балаңызben жеке сөйлесуге уақыт бөлініз."	«Дәрумендердің бала өміріндегі маңызы» тақырыбында кеңес беру.	Саулнама: "Баланызды үй жұмыстарына шақырасыз ба?".		

Әдіскер:

А.А.Сулейменова